

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Шығыс Қазақстан облыстық Білім басқармасының
«Тарбағатай колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Секциясы: «Тарихи және мәдени дәстүрлердің сақталуы – Қазақстанның жарқын болашағының кепілі»

Тақырыбы: Тарихына табиғаты сай- Ұлытау

Орындаған: Аманболұлы Самғар «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі» мамандығының 2 курс студенті

Жетекшісі: География пәнінің оқытушысы Кажиакберова Маржан Араратовна

Ұлытау - Ұлы даладағы қазақ этносының қалыптасу тарихымен мейлінше терең байланысқан аймақ. Ұлытау - қазақтың көне ғасырлық тарихында ұлан-асыр оқиғаларды бастан өткерген, ел басына күн туған шақтарда халқымызға пана болған, хандарымыз өз ордаларын тіккен, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, елдік мәселелерді шешкен, киелі де құнарлы әрі қазыналы өлке.

«Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған...» деп Әбіш Кекілбайұлы атап кеткендей Ұлытау аймағының Қазақстанда орны ерекше.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев киелі жердегі биылғы сұхбатында қазақтың қай түкпірінде де қасиетті орындар бар екенін, Берел қорғанын, Аңырақай шайқасы өткен жерді, Сарайшықты, Түркістанды айта келе: «Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа» деген болатын.

Ұлытаудың қасиеті туралы аз жазылып жүрген жоқ. Тіпті тарихтың атасы атанған Геродот жазбаларында да бұл жердің ескі атауы кездеседі. Осыдан үш ғасырға жуық Ұлытау төңірегінде болған швед ғалымы Старленберг: «Тұнып тұрған қандай тамаша тарих! Мұндай әсемдікті басқа өңірден табу қиын шығар» деп сүйсіне жазған. Біздің заманымызға дейінгі ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Герадот Арал теңізінің Солтүстік және Батыс жағын (бүгінгі Орталық Қазақстан өңірін) массагеттер мен сақтар мекендейтінін, олардың тұрмыста қолданатын бұйымдары мен қару-жарақтары, алтын мен мыстан жасалатынын жазған. Жезқазғанда жатқан кен үйінділерінің көнелілігі осы Герадот көрсеткен кезеңге сәйкес келеді. Сондықтан Жезқазғанның ежелгі өндіріс мәдениеті біздің дәуіріміздің XIII ғасырында емес, одан да анағұрлым көне кезеңде, б.д.д. V ғасырда қалыптасқан [1 12 6].

Арқадағы алып аудан - Ұлытау Торғай қолатының оңтүстік-шығысын және Бетпақдаланың қиыр-солтүстік бөлігін алып жатыр. Аудан кең байтақ қазақ жерінің нақ орталығында орналасқан. Математикалық жоғары дәлдікпен есептегенде Ұлытау - Отанымыздың геометриялық орталығы, яғни, қазақ жерінің дәл кіндігі болып табылады. Ауданның алып жатқан жерінің аумағы батыстан шығысқа қарай-540, солтүстіктен оңтүстікке -435 шақырымға созылады. Қазақстанның географиялық орталығы 48°С 11' с.е. және 66° 22' ш.б. (Жезқазған қаласынан 100 км солтүстік батыста Ұлытау жотасында) орналасқан. Аудан жеріне Еуропаның Швейцария, Нидерланды, Дания сияқты үш бірдей белгілі мемлекетін еркін орналастыруға болады.

Ұлытау - жер көлемі жағынан Қазақстандағы ең үлкен аудан. Ол Қарағанды облысы аумағының үштен біріне жуығын, Қазақстан жерінің 4,5 пайызын алып жатыр. Аудан жері Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарымен шекаралас. Ұлытау өңірінің солтүстік бағыттағы қиыр нүктесі - Арғанаты тауының теріскей тұсындағы Қаптыадыр шоқысында (биіктігі 760м),

ал оңтүстіктегі шеткі нүктесі - Мойынкүм құмының Көкпекті - Қызылқак ойысында, батыстағы қиыр нүктесі - Арал маңы Қаракұмының Жіңішкекүм жотасында, шығыстағы шекарасы - Қызылжар станциясының оңтүстігіндегі Сарыжал (биіктігі-368м) қыратында жатыр.

Климаты. Шұғыл континенталды ауа райы қалыптасқан аймақ болғандықтан Ұлытау өңірінде Сібірдің сақылдаған аязы мен Орта Азияның ауыз аштырмас аптабы тоғысып тұрады. Ұлытаудың қысы қатаң, жазы ыстық. Жаздағы орташа температура +22 °С болса, қыста бұл көрсеткіш -22 °С тең. Аудан аумағының басым бөлігінде жыл бойына жауын-шашын 200 мм-ден кем түседі. Өлкенің оңтүстігі және батысындағы құмдарға жаңбыр мен қар тіпті аз жауады. Арал маңы Қаракұмындағы бұл көрсеткіш мүлдем төмен, бар болғаны 80 мм шамасында ғана.

Жер бедері. Ұлытау өңірінің жер бедері оңтүстік-батысқа қарай бірте-бірте аласара бастайды. Аудан жерінің ең биік нүктесі - Ұлытаудағы Ақмешіт шыңы. Оның биіктігі 1134 метр. Аудан аумағының ең төмен, ең аласа алқабы - Қарсақбай қыратының оңтүстік беткейінде жатқан Мыңбұлақ ойысы. Оның өзі теңіз деңгейінен 100 метр шамасында жоғары жатыр.

Бетпақдала үстірті - Ұлытау ауданының оңтүстік бөлігін алып жатыр, ол Шу мен Сарысу өзендері аралығында орналасқан. Оның шығыс бөлігі ұсақ шоқылардан, аласа таулардан тұрады. Ұлытау ауданы жерінің құрамына Бетпақдаланың батыс бөлігі кіреді. Екеуінің арасын бөліп тұрған жазық Қоғашық деп аталады.

Пайдалы қазбалары. Ұлытау жері пайдалы қазбаларға өте бай. Мұның себебі жер көлемінің үлкендігінде ғана емес, оның геологиялық құрылымына да байланысты. Бұл өлкенің жер асты байлықтары бағзы замандардан бастап белгілі болған. Жезқазғандағы әлемге әйгілі мыс кеніші біздің жыл санауымыздан он ғасырдай уақыт бұрын жұмыс істеп тұрған. Бұл өңірде қола дәуірінде мыстан өзге алтын, күміс, қалайы қорытылғандығы жайлы деректер аз емес. Оны осы өңірдегі жер-су атауларынан да байқаймыз. Мысалы, Жезді (бойында жез көп өзен), Жезқазған (жез өндірген жер), Алтыншоқы (алтын шыққан тау), Қорғасынтау (қорғасынға бай тау) және т.б. Аудан көлемінде өндіріліп жатқан немесе барланған пайдалы қазбалар бар.

Су қорлары. Құрлықтың ортасында, Еуразия кіндігінде орналасқандықтан Ұлытау ауданының ішкі суы тұйық алапта жатыр. Тек Терісаққан өзені ғана Солтүстік Мұзды мұхитқа құятын өзендердің саласы болып табылады. Сулары жазда тартылып, кесіліп қалса да, Ұлытаудан бастау алатын өзендер көп. Алпыс төрт сала Торғай мен отыз төрт сала Кеңгір өңір халқының суға деген қажетін өтеп отыр. Сондай-ақ, аудан аумағында үлкенді-кішілі, ащылы-тұщылы көлдер де аз емес.

Өсімдік жамылғысы. Ботаникалық зерттеу мәліметтері бойынша Ұлытауда 970 өсімдіктің түрі есепке алынған. Оның 92 пайызы шөптесінді, 7 пайызы

бұталы, қалған 1 пайызы ағаштар болып келеді. Бетпақдалада 306 түрлі өсімдік өседі. 90 түрлі өсімдіктің дәрілік қасиеті бар. Оның ішінде: шөптер - 68, ағаштар-6, бұтақтар-16. Өте сирек кездесетін өсімдіктердің 19 түрі бар.

Ұлытау ауданы - Қарағанды облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және республикамыздың бес облысымен шекаралас: Оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарымен, солтүстігінде Қостанай облысымен, солтүстік-батысында Ақтөбе облысымен, батысында Қызылорда облысымен шектеседі.

Ұлытау ауданы аумағы 12 млн гектардан астам жерді алып жатыр, осы аумақтан 618 км республикалық, 474 км облыстық, 213 км аудандық дәрежедегі жолдар өтеді. Негізгі экономикалық бағыты: ауыл шаруашылығы өндірісі. 2006 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің айтарлықтай бөлігін мал шаруашылығы құрайды. Қазіргі таңда аудандық жерлердің алдында бұдан да зор мақсаттар қойылып отыр, ол дегеніміз аймақтардың жергілікті экономикалық дамуын стратегиялық жоспарлы түрде жүргізу қажеттілігінің зор маңызы бар екенін көрсетеді.

- Ұлытау ауданы 1973 жылы қараша айында құрылған.
- Облыс орталығынан 700 шақырым қашықтықта орналасқан аудан аумағы 12 293 105 га жерді алып жатыр. Бұл жалпы облыс аумағының 29 пайызы деуге келеді.
- Республиканың 5 облысымен шекаралас.
- Құрамына 12 ауылдық және 3 кенттік округтер мен 29 елді мекен кіретін аудан халқының саны былтырғы 1 қаңтардағы есеп бойынша 16 000-ға жуық. Аудан орталығында 2500-ге тарта халық тұрады.
- 800-ден астам тарихи-археологиялық және архитектуралық мәдени ескерткіштер болса, оның 386-сы мемлекет қорғауында және 13 ескерткішке республикалық мәртебе берілген.
- Ұлытауда 90 түрлі өсімдік қасиеті бар және реликті өсімдіктер өседі. Тек Ұлытауда ғана өсетін 3 өсімдік «Улытауские эндемики» деген атпен Қызыл кітапқа енген [2 13 6].

Қазіргі экологиялық жағдайы: қолайлы. Провинцияның экологиялық жағдайына әсер ететіндері: Топырақ қабаттарының жанбаған зымырандық отынмен-гептилмен ластануы, малды шектен тыс жаю салдарынан жайылымдардың тозуы.

Қазіргі таңда аймақ бойынша тарихи-археологиялық ескерткіштер қайта қалпына келтірілуде. Кейбір мысалдарды келтіріп кетейін. 11.12.2004 жылы Қарағанды облысы бойынша облыстық маслихаттың Х сессиясында 2005-2007 жылдар мәдени мұра бағдарламасы қабылданған.

«Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи қорық- мұражайында 2500 экспонат, мұражай-қорық кітапханасында 285 кітап жинақталған. Қорық-мұражай аумағында 680 тарихи-археологиялық және архитектуралық ескерткіштер

орналасқан. Оның ішінде 30 ескерткіш республикалық, 160 ескерткіш облыстық, 490 ескерткіш аудандық деңгейде тіркелген. Олардың ішінде Алашахан мазары, Домбауыл мазары, Жошыхан мазары, Ерден мазары, Айранбай мазары, Теректі әулие, Ақмешіт әулие, Алтыншоқы, Хан ордасы ескерткіштерін атап өтуге болады. Аймақтағы табиғи территориялар ауданы өте аз. Аймақтың экологиялық жағдайына байланысты қосымша қорғалатын табиғи территорияларды құру қажеттілігі туындайды. [3 21 6].

2005 жылдың 30 шілдеде «Ұлытау - көшпенді өркениеттің ежелгі орталығы» атты көрме ашылды. Сонымен қатар, Жезқазған қаласының өлкетану музейі және «Қазақмыс» корпорациясымен бірігіп қазақтардың этнографиясына арналған көрмелер ұйымдастырылды.

- Ұлытау мен Кенесары хан;
- Ежелгі Түркістан және Ұлытау;
- Қ. Сәтпаев ежелгі Жезқазған аумағының Ұлытау тарихы мен археология зерттеушісі;

-Әбунәсір әл-Фараби, Шыңғысхан және Темірланның балауыз фигураларын қойып «ежелгі Ұлытау тарихындағы Ұлы адамдар»

Қазіргі уақытта Ұлытау - Жезқазған аумағындағы ескерткіштер жағдайы туралы карта дайындалуда.

Ұлытау аймағында индустрияның қалыптасу мен дамуымен байланысты, туристер үшін танымдық қызығушылықты тудыратын басқа да нышандар баршылық. Туристер ірі түсті металлургияның, химия, электроэнергетика кәсіпорындар мен өндіріс мекемелері бар қалаларды тамашалауы мүмкін.

Туризм жағдайы негізінен орналастыру жағдайымен сипатталады. Осы саланың дамуымен туристік ағымдар байланысты. 2000 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда 365 қонақ үй тіркелген. Қарағанды облысында 18 қонақ үй, оның ішінде Жезқазған қаласында үш қонақ үйі тіркелген. Ең ірісі «Байқоңыр» қонақ үйі, халықаралық стандарттарға жауап береді. Жоғарғы қызмет көрсететін «Самсунг» медициналық кешені қала қонақтарын мен туристерін қабылдайды.

«Ұлытау» тарихи-мәдени және табиғи қорық- мұражайында 2500 экспонат, мұражай-қорық кітапханасында 285 кітап жинақталған. Қорық-мұражай аумағында 680 тарихи-археологиялық және архитектуралық ескерткіштер орналасқан. Оның ішінде 30 ескерткіш Республикалық, 160 ескерткіш облыстық, 490 ескерткіш аудандық деңгейде тіркелген.

Негізгі мақсаты: Тарихи-археологиялық ескерткіштер мен тарихи ландшафттарды қорғап, сақтау және насихаттау.

Негізгі міндеттері:

- Ұлытау тарихи-архитектуралық, археологиялық кешенінің тұтастығын қамтамасыз ету, оның тарихи орнын сақтау;

-Ғылыми-зерттеу, қайта қалпына келтіру жұмыстарымен қатар арнайы этнографиялық, археологиялық, кешендік мамандандырылған экспедициялар ұйымдастыру;

-Мәдени-ағарту, жарнамалық-ақпарат және баспа қызметтерін жүргізу [4 79 6].
Қазіргі уақытта, саланы мемлекеттік реттеу мынадай шараларды жүзеге асыруға бағытталуға тиіс:

-республикалық және аймақтық деңгейлерде туризмді дамыту саясаты мен жоспарлауды үйлестіру;

-сапалы туристік өнімнің ажырамас бөлігі ретінде туристерді қорғауды және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-статистиканы және зерттеу қызметін жетілдіру;

-білім және оқу стандарттарын қоса алғанда, туризмге арналған кадрларды кәсіптік даярлау;

-туризмді дамытудың нақты аудандарында жерді пайдалануды және құрылыс салу нормаларын қолдануды бақылау;

-ел беделін қалыптастыру, қазақстандық туристік өнімнің маркетингі және жылжытылуы жөніндегі басым шараларды белгілеу, оның ішінде туристік көрмелерді және басқа іс-шараларды ұйымдастыру;

-халық арасында туризм құндылықтарын және қоршаған ортаны қорғауды насихаттау;

-халықтың түрлі әлеуметтік-демографиялық санаттары мен топтары арасында әлеуметтік туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасау;

-ілеспе инфрақұрылымды: қолданыстағы және ықтимал туристік аймақтардағы сумен, электрмен жабдықтау, кәріздер және қатты қалдықтарды жою жүйесін, телекоммуникацияларды дамыту;

-туристік кешендерді, этнографиялық мұражайларды және демалыс аймақтарын құру;

-тарихи-мәдени және этнографиялық ескерткіштерді қалпына келтіру және мұражайға айналдыру;

Шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып Ұлытау аймағының рекреациялық қызметін жетілдірудің келесідей тәсілдерін ұсынуға болады:

1.Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс. Мұнда қорықтар мен ұлттық парктердің әкімшілігі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы ЕҚТА-дың қоғамдағы рөлін, мақсаты мен міндеттерін, әлеуметтік-экономикалық тиімділігін, тәрбиелік мәнін жариялап отыру керек. Аталған тәсілді толық жүзеге асыру үшін БАҚ-та конкурстар, әр түрлі сұрақтар, ойындар ұйымдастыру шарт.

2.Жарнамалық баспа қызметі. Бұл тәсіл әртүрлі жарнамалық немесе ақпараттық буклеттер, брошюролар, түсіндірме сөздіктерді шығару арқылы әр түрлі жарнама өнімдерін (конверт, күнтізбе, естелік бұйымдар) кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. *Кино-бейнеөнімдерді ұйымдастыру.* Бұл қиын әрі қымбат бағаланатын жұмыс түрі қорық табиғатының әртүрлілігін, байлығы мен сұлулығын тұрғындарға жария етеді. Бұл жұмысты толық жүзеге асыру үшін қорықтар мен ұлттық парктер жоғары кәсіби, білікті кино түсіретін отандық және шетелдік компаниялармен іскерлік байланыс орнату қажет.

4. *Қоғамдық бірлестіктерден басқа да коммерциялық емес ұйымдармен бірлесу.* Қоғамдық бірлестіктерді қорық пен ұлттық парк жұмыстарына тарту экологиялық-ағарту жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

5. *Мұражай ісі және визит орталықтарын дамыту.* Қорықтар мен ұлттық парктердегі табиғат музейлерін жаңа құралдармен жабдықтау, музейге келушілермен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін меңгеру жолдарының бірі визит-орталықтар болып табылады. Визит-орталықтар келушілерге дәріс және басқа да жұмыстарды жүргізу үшін арнайы құралдармен жабдықталған орталық болып табылады.

6. *Экологиялық экскурсия мен танымдық, экологиялық туризмді дамыту жұмыстары.* Жұмысты дамытудың басты жолдары: қорғалатын аумақтың бір бөлігін арнайы келушілер үшін бөлу; экологиялық соқпақтар мен маршруттарды ұйымдастыру, ақпараттық құралдармен жабдықтау және келушілерді ұдайы бақылауға алу болып табылады.

7. *Халық арасында табиғатты қорғау шараларын үгіттеу.* Табиғатты қорғау жұмыстарын насихаттау бұл табиғатты ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы адамдарға жан-жақты білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарын қамтып отырады. Оның қатарына экологиялық білімді қалыптастыру, жеке құрлық пен өндірістік іс-әрекеттердің экологиялық мәдениеті, экологиялық әлемдік көзқарас, табиғатқа өзара байланысты тереңірек ұғынысу негіздері, табиғат алдында әрбір адамның жеке жауапкершілігі, сонымен қатар отандық, рухани патриотизмге тәрбиелеу мен табиғатты пайдалануға дұрыс көзқарастар жатады. [5 17 6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы. – Алматы: «Рауан», 2005. – 247 б.
2. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы: «Аруна», 2007.- 384 б.
3. Бауыржанқызы А. Терең тарихтың куәсі-Ұлытау. - Түркістан-2015-21 мамыр. №20-5-6б.
4. Сакральный мир Улытау // сост. Қожахметов Б., Усманова Ә.Р. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2011. - 32 с.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия /Бас ред. Б.Аяған. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. 1-том.